



Жоғалтқаны зор халық екенімізге дау жоқ. Әрине, жоғалтқан біз ғана емес. Тұтас әлем «ұмыту кезеңінде». Сол жоғалтуға өкінетіндер бар да, жоғалтқаны туралы білмейтіндер бар. Қалтасынан тиын түсіріп алғандай қарайтындар да жоқ емес. Біз өзін тануға, танытуға ұмтылған қоғам ретінде «өкініш кернеген» қоғамбыз.

Ықылым заманнан бері жиған-терген түйе-қарын қоржынымызды біз талықсып кеткенде шеңгел сы-



# ЖАМБЫЛ:

## ТАМСАНУДАН ТҮЙСІНҮГЕ ДЕЙІН

дырып, алба-жалбасын шығарды. Сол шақтарда еңкейіп іздеуге шамамыз келмеген. Өйткені ол шеңгелдің ғажайып гүлдеген шағы болатын. Біз сол көрініске арбалып қалдық. Бұқпалап жинап-тергісі келгендер шеңгелдің әдемі гүлінің астарында тікені бар екенін көрді. Көрді де, «бөріге байланған лақтай»

болып айналшықтап қалды. Сол тәлейімізге бұйырған тағдырдың шеңгелді алқабын асып өтіп, жусанды далаға шыға артымызға бұрылды. Ол шеңгел енді гүлдемейді. Бозарып жатыр. От қойып өртеп жіберіп, күл арасынан іздегеніміз абзал еді жоғалтқанымызды. Бірақ оны қазір өртеуге рұқсат жоқ. Осы шеңгелдің

шетіне шығып алып, қоржынын жамап отырған жолаушыға ұқсаймыз. Әр түп шеңгелдің түбіне шұқшиып, тікені батса да көтеріп көреміз. Іздеп көреміз. Табылып жатқан дүние де аз емес. Сол шеңгелдің бірінің түбінде Жамбыл жырларының жартысы төгілген екен. Жинап-теріп жусанды алқапқа алып шықтық...

### Тамсану

Жамбыл. XIX ғасырды жігіт ағасы болып бітіріп, XX ғасырдың орта шенінде абыздыққа жеткен Жапаның ұлы – Жамбыл ақын. Қазақ әдебиетінің ақсақалы болып, Мәскеу басып,

Кремль кіріп, Сталинмен жүздескені бізге аңыз. Десек те сол аңызды әркім әртүрлі қорытындылап жүр. Бірі тамсанса, екіншілері тыжырынады. Осынысымен Жамбыл трагедиялық тұлға. Қазақ ақын-жазушылары

арасында шетелге шығып, аса танымалдыққа ие болған алғашқы тұлға – Жамбыл еді. Қырғыз бен өзбекті айтпағанда, Ресей мен Грузияға 90 жасында сапар шегіп, миллион жол білетін жырау болып танылып келді.



«XX ғасыр Гомері» атанды. Хатқа түспеген қаншама тарихи деректерді жыр-дастандары арқылы бізге жеткізді. Халқының мұңын мұңдады, жоғын жоқтады. Айтыстарда елінің намысын жырты. Мұның барлығы тамсануға тұрарлық дүние.

### Тыжырыну

Жамбыл ақынның бар еңбегін ысырып қойып, тек Кеңес өкіметінің жекеменшік жырауы деп бағалаушылар да бар. Тыжырынатандар – осылар. Бұл топ Жамбылдың кеңес өкіметіне, көсемдерге, пленумдарға, партияға арнаған өлеңдерін дабыра қылады. 1937 жылы Мәскеуде өткен «Қазақ

өнерінің онкүндігіне» барды деп айыптайды. Өйткені бұл шақ қазақ зиялыларының бірінен соң бірінің атылып жатқан кезі болатын. Осындай кезеңдерде Жамбылды той-тойлап жүрді деп кінәлайды. Алаш азаматтарына қолынан келе тұра көмектеспеді дейді... Айта берсек біраз арыз бар Жамбыл атына жазылған.

### Талқы

Саурық және Сұраншы батырлар туралы тарихи деректер аз. Олар туралы жыр-дастандар сақталған. Саурық батыр жырын Сүйінбай, Жамбыл, Әбдіғали ақындар бір-бірінен үйреніп жырлаған деседі. Бірақ әрқайсысы өзінше

жырлап, осы күнге бірнеше нұсқасы жетіп отыр. Сұраншы батыр жырының да Сүйінбай жырлаған нұсқасы бар. Бірақ ол бізге толық жетпеді. Толық жазылған жыр Жамбыл ақынның аузынан жазылып алған. Бұл жырдағы деректер тарихымыз үшін өте құнды. Ал әдебиеттегі орны тағы бөлек. Жамбыл бір сұқбатында: «... Сүйінбайдан үйренген «Сұраншы», Құлмамбеттің «Көроғлы сұлтан» жырлары екі үлкен ақынның маған берген батасы мен ақындық сарқыттары еді», – дейді.

Бір деректерде Көроғлы жырын Жамбыл отыз күн жырлады десе, екінші деректерде он бес күн жырлағаны туралы айтылады. Дегенмен Жамбыл нұсқаларындағы жырлардың басты ерекшелігі – әлеуметтік теңсіздіктің көптеп жырлануы. Сонымен қатар бұл жырларда ақын ескі жырауларға тән қасиетпен ел билеушілерді, әділетсіз болыс-билерді қатты сынаған. Осыдан байқайтынымыз – Жамбыл Жапаұлы өз халқының болашағы үшін алаңдаған тұлға.

Көпшілік «XX ғасыр Гомерін» тарихи жырларымен, көсемдерге арнаған өлеңдерімен ғана таниды. Бірақ ақынның «Бақ, Дәулет,



Ақыл» атты дастаны бар. Бұл дастан Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» деген концептіне қатты ұқсайды. Яки осы дастаннан Жамбылдың ғибратты һәм философиялық тақырыптарды да қозғай білгенін аңғаруымызға болады.

Ақынның айтыстары, біз айтып отырған жыр-дастандары – халқымыздың құнды қазынасы. Десек те бұл жыр-дастан, айтыстарының барлығы кеңес заманында өзгеріске ұшырады. Сөздері алмастырылды. Қысқартылды. Сондықтан Жамбыл текстологиясы өзекті мәселеге айналып отыр. Бір Жамбыл ақын емес, кеңестік кезеңнің тезінен өткен барша ақын-жазушыларымыздың шығармаларының мәтіндері бұрмаланған. Атылғандар ақталар тұста арнайы комиссия жасақталып, бүкіл шығармалары советтік редактурадан өткен. Сәкен, Бейімбет сынды тұлғалардың шығармалары осылай бұрмаланғанда, не латынша, не орысша жазу танымайтын Жамбыл өлеңдері мен оның аузынан шыққан дастандарды жанындағы хатшылары бұрмалап отырған. Ғ.Орманов, Т.Жароковтардың ісі бұл. Бірақ оларды кінәлауға болмайды.

**ақ jelken**



Жамбыл Жабаевтың домбырасы

Тапсырма солай. Бұйрыққа мойынсұнбаса – басы кетеді.

Тағы бір айта кетерлігі, Жамбыл – Лениннің, Сталиннің және тағы басқа өзі жыр арнаған адамдардың ісі мен атқарған қызметінен хабары жоқ адам. Оған тағы сол хат-шылары айтып отыр. Және ақын да айтқан нәрсені өлеңге айналдыра салатын көнбіс адам болмаған.

Ақынның аспазы болған келіншектің естеліктерінде мынадай дерек кездеседі. «Қаладан бір топ басшылар Жамбылға сәлем бере келетін. Сонда оларды күтіп алған ақын «өлең сұрамаңдаршы, қарақтарым» деп зар болатын. Бірақ басшыларға жыр керек. Жоғарыдан тапсырма түсіп отыр. Өздерінің келген бұйымтайларын хатшыларына айтып, кете



барады. Тайыр Жароков бұл жөнінде: «Жамбылға тапсырма өлең жаздыру өте қиын болатын. Айтсаң, былқ етпей отыра беруші еді. Сосын өлең жазу керек тақырыбына байланысты өзім білетін әңгімелерімді айта беремін. Ұзақ айтамын.

көрді, қуғын кешті. 1916 жылғы Қарқаралы көтерілісін қолдап, осы жылы Романовтар әулеті патшалығының 300 жылдығында оларды мақтаудан бас тартып, түрмеге жабылды. Осындай көкірек көзі сергек ақынның

болыстардан еңбегінің ақысын ала алмаған халқын көре отырып, Кеңес өкіметін құшақ жая қарсы алды. Бірақ бұл өкімет өзін қалауынша пайдаланғысы келетінін сезген жоқ. Десек те ақын өзіне жақсылығы өткен адамдарды ешқашан ұмытпаған. Ел кезіп жүріп мал тауып, қанша дәулетті кісілердің асын ішкен. Осындай көмегі өткен адамдардың бірі Жүнісбай деген кісі екен. Кеңес өкіметі орнағанда кәмпескеге түсіп, түрмеге жабылып, жүнжіп жүріп Жамбылға келіпті. Ақын оның алдына бір қобдиша ақша қойып, қалағанынша алуын өтінген деген аңыз бар. Яғни Жапаның ұлы өкіметтен сый алдым деп өткенін ұмытпаған.



Музей-үйінен көрініс

«Ленинградтық өренім» жазыларда өзім көрген Ленинград қаласының сұлу да көрікті жерлерін ұзақ әңгімелеген едім. Әлден уақытта ақын қолына домбырасын ұстап, шерте бастайды. Айтқан әңгімелерімді қайта сұрастырады. Детальдарға аса қатты мән беретін», – дейді.

Міне, ақынның Кеңес өкіметіне арнаған өлеңдерінің көбі осылай жазылған. Өйткені Жамбыл ел ішіндегі жағдайды көріп отыр. Аштықты

Кеңес өкіметі жасаған нәубетті көрмей қалуы мүмкін емес. Бірақ бұл өкіметке қарсы шықса не боларын дауылпаз ақын сезіп отыр.

Жамбыл Жапаұлының Кеңес өкіметінің шапағатын көрмей тұрып та оны қолдағаны белгілі. Жаңа өкіметтің орнағанына рас қуанды. Шыны керек, кедейге теңдік әперемін деген өкіметтің орнағанына халықтың дені қуанған. Ақын да сол патшадан езгі көрген халқының, бай-

Жамбыл шығармашылығына жасалған тағы бір қиянатты айта кеткен абзал. Ақынның 1946 жылы жарық көрген кітабында Сыздық төреге жазған өлеңі жарияланды. Қысқа ғана жыр. Одан кейінгі жинақтарға бұл жыр енбеген. Оның себебі түсінікті шығар. Ресейге қарсы шыққан Хан Кененің тұқымын дәріптеген жырды қызыл өкімет қалай ұнатсын?! Міне, осы жырда қазақтың соңғы ханының мүрдесін Сыздық сұлтанның



қырғызға іздеп барғаны туралы айтылады. Бұл оқиға былай болған...

Әкеден 10 жасында қалған Сыздық әкесінің мүрдесін іздеп қырғызға аттанғанда, оның жанына Жетісу жерінен оннан аса ақын қосылған. Солардың ішінде Жамбыл бар. Төре баласының абыройын асырып, манаптармен кездескен. Сол жиында Хан ұлы үш-ақ нәрсе сұрады дейді. «Әкемнің мүрдесін беріңдер. Бабаларыма қосайын. Алтын жүзігі бар еді. Қолыма салайын. Сарықасқа ері бар еді. Астыма мінейін». Осы үш сөздің екеуі орындалып, негізгі арманы орындаусыз қалды. Кенесарыны жерлеген адам өмірден озыпты-мыс. Басқа ешкім білмейді. Бар білгені, ханның Он бір жыра деген жерге жерленгені болатын. Сыздық төре әке жүзігін қолына салып, сарықасқа ерін қылышпен шауып өткенде ішінен саулап алтын түскен. Қайтар жолда сол олжаны өзімен еріп барғандарға үлестірген. Бірақ «бұл сенің несібең» деп ешбірі алмаған. Бұл да қазақтың әруақ сыйлағанының жарқын көрінісі.

Жамбыл ақынның жыры да осы қайтар жолда шыққан:

Арнап келіп алғаның  
Алтын жүзік, сарқасқа

ер.

Атаңыздың аруағын  
Сыйлайды екен бір  
тайпа ел.

Екеуінің қалғаны –  
Он бір жыра деген жер.  
«Екеуінің қалғаны» дегені  
– Кенесары мен Наурызбай  
болса керек.

### Түйсінү

Жоғарыдағы деректерді сараптай келгенде:

**1.** Жамбылдың Кеңес өкіметін қолдағаны рас. Кедейдің теңдік аларына шын қуанды. Бірақ өзі қолдаған өкіметтің мұндай жолмен жүрерін білген жоқ. Өзінің қолшоқпар боларын, жанын қинап жүзін көрмеген адамдарға жыр арнарын сезбеді.

**2.** Кеңес өкіметіне арнаған көп өлеңдерін тапсырыспен, жанын қинап жазды. Хатшыларының көңілін қимай, жазбаса олардың жағдайы қиындарын сезіп отырып жазған.

**3.** Жамбыл – Кеңес өкіметі қалыптастырған ақын емес. Ол жаңа өкіметті 70 жасында көрді. Оған дейін патшаға қарсы шығып, орыстың езгісін, әділетсіздікті жырлап жүрген ақын еді. Сол үшін түрмеге түсіп, шын сөзінің зардабын да көрді.

**4.** Ұстазы Сүйінбай болып, өзі де қанша жорық жырларын жырлады. Қазақтың ескіліктегі батырларын

өлеңге қосып, Кенесарының мүрдесін алуға қырғызға барды. Яғни ол қазақтың өз алдына ел болғанын, тағының иесі – ханының болуын аңсаған.

**5.** Кеңестік идеологиямен жазылған өлеңдері – ақын шығармашылығының аз бөлігі. Айсбергтің су бетіндегі бөлігіндей. Ал астарында қаншама құнды дүние бар.

**6.** Жамбыл өмірін ақ май жеп аяқтады. Бірақ бұл бақытты еді деген сөз емес. Өйткені бұйрыққа амалсыз көніп өлең жазар ақын – бақытты бола алмас.

### Шалықтау

Шеңгел шетінде отырып қоржынымызды жамап біткендейміз. Енді шашылған-төгілгенді ертерек жинап алып, жолға қамдану керек. Өйткені алдымыздағы шөбі шүйгін, жері отты даладан алар еншімізге тағы кешігер жайымыз бардай. Бозарған шеңгелді қайта гүлдендіргісі келетіндер тағы бар. Сондықтан оны ертерек өртеп жіберу ләзім. Әрине, жалыны біраз адамды қарып өтер. Бірақ өткеннің және жекелеген адамдардың абыройы үшін жарқын болашақтан бас тартуға болмайды.

**Досхан ЖЫЛҚЫБАЙ**